

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Табантал ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 02 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 сәуірде № 3846 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Табантал ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 05 маусымдағы № 03 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Табантал ауылдық округінің әкімінің 05.06.2014 № 03 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабына сәйкес және Хромтау аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық – санитарлық инспекторының 2014 жылғы 04 сәуірдегі № 15-4/63 ұсынысы негізінде Табантал ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Табантал ауылдық округінің Коптоғай ауылының «Живагропром Коптоғай» жеке шаруа қожалығында ұсақ мүйізді мал арасында листериоз ауруы анықталуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау бас маман Ж.Мулбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Табантал ауылдық округінің әкімі Ш.Калиева*